

**"Халықты қылмыстылық деңгейі және оның нәтижелерінің тіркелуі бойынша әлеуметтік-статистикалық зерттеу туралы сауалнама" (коды 1962105, индексі ҚД-01, кезеңділігі біржолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 6 қыркүйектегі № 254 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 17 қыркүйекте № 7922 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 31 мамырдағы № 100 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 31.05.2016 № 100 бұйрығымен.**

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р :

1) «Халықты қылмыстылық деңгейі және оның нәтижелерінің тіркелуі бойынша әлеуметтік-статистикалық зерттеу туралы сауалнама» (коды 1962105, индексі ҚД-01, кезеңділігі біржолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) «Халықты қылмыстылық деңгейі және оның нәтижелерінің тіркелуі бойынша әлеуметтік-статистикалық зерттеу туралы сауалнама» (коды 1962105, индексі ҚД-01, кезеңділігі біржолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Стратегиялық даму департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберсін;

3) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің интернет-ресурсында міндетті түрде жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Стратегиялық даму

департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә. Смайылов

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Б а с

п р о к у р а т у р а с ы

Қ ұ қ ы қ т ы қ

с т а т и с т и к а

ж ә н е

а р н а й ы

е с е п к е

а л у

ж ө н і н д е г і

к о м и т е т і н і ң

т ө р а ғ а с ы

С.

Айтпаева

2012 жылғы 31 тамыз

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

І ш к і

і с т е р

м и н и с т р і

Қ.

Қасымов

2012 жылғы 1 қыркүйек

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р л і г і н і ң

К е д е н д і к

б а қ ы л а у

к о м и т е т і н і ң

т ө р а ғ а с ы н ы ң

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы

И.

Тен

2012 жылғы 5 қыркүйек

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Э ко н о м и к а л ы қ

қ ы л м ы с қ а

ж ә н е

с ы б а й л а с

ж е м қ о р л ы қ қ а

қ а р с ы

к ү р е с

а г е н т т і г і

( қ а р ж ы

п о л и ц и я с ы )

т ө р а ғ а с ы

Р.

Түсіпбеков

2012 жылғы 10 қыркүйек

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді

Статистика агенттігі  
2012 жылғы 6 қыркүйектегі №  
2 5 4

бұйрығына 1-қосымша



**Статистикалық нысан коды**

1 9 6 2 1 0 5

Код статистической формы  
1962105

Қ Д - 0 1

УП-01

Халықты қылмыстылық деңгейі және оның нәтижелерінің тіркелуі бойынша әлеуметтік-статистикалық зерттеу туралы сауалнама  
 Анкета по социально-статистическому обследованию населения по уровню преступности и фиксации его результатов

**Бір**

жолғы Есептік

кезең

жыл

Единовременная

Отчетный период

год

Пікіртерімге 15 және одан жоғары жастағы үй шаруашылығының мүшелері қатысады.  
 В опросе принимают участие члены домашних хозяйств в возрасте 15 лет и старше.

**Тапсыру**

мерзімі

–

31

қазан

Срок представления – 31 октября

1	<b>Мекен<sup>1</sup></b> Местожительство	Облыс/РМҚ Область/ГРЗ	Аудан/ОМҚ /РМҚА Район/ГОЗ/ РГРЗ
		Округ/КӘ/ОМҚА/АудМҚӘ Округ/ПА/РГОЗ/АГРайЗ	Елді мекен Населенный пункт
		АӘОЖ бойынша коды <sup>2</sup> Код по КАТО	қала – 1, ауыл – 2 город – 1, село - 2

2 **Үй шаруашылығының** коды   
 Код домашнего хозяйства

3 **Интервьюердің** коды  
 Код интервьюера

4 **Пікіртерім жүргізілген күн күні**  айы  жыл   
 Дата проведения опроса число месяц год

5 **Пікіртерімнің жүргізілуі туралы:** 5.1 пікіртерім жүргізілді  
 О проведении опроса опрос проведен

5.2 пікіртерім жүргізілмеді  
 опрос не проведен

5.2.1 **үй шаруашылығы мүшелерінің болмауынан**  
 из-за отсутствия членов домохозяйства

5.2.2 **интервьюден бас тартуынан**  
 из-за отказа от интервью

<sup>1</sup> РМҚ – Республикалық маңызы бар қала, ОМҚ – Облыстық маңызы бар қала, РМҚА – РМҚ ішіндегі аудан, КӘ – Кент әкімдігі, ОМҚА – ОМҚ ішіндегі аудан,

АудМҚӘ - Аудандық маңызы бар қала әкімдігі.  
 ГРЗ – город республиканского значения; ГОЗ – город областного значения; РГРЗ – район в ГРЗ; ПА – поселковый акимат; РГОЗ – район в ГОЗ; АГРайЗ – Акимат города районного значения.

2 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші ҚР МК 11-2009  
 Классификатор административно-территориальных объектов ГК РК 11-2009

Сұрақтар мен жауаптар	Респондент		Вопросы и ответы
Таңдалған жауаптың кодын қоршаңыз. Керек жағдайда қосымша жауабын көрсетіңіз .	P1	P2	Обведите код выбранного ответа. При необходимости укажите дополнительный ответ.
<b>1. Респонденттер туралы мәліметтер</b>			<b>1. Сведения о респондентах</b>
<b>1. Жынысы.</b>			<b>1. Пол.</b>
ер	1	1	мужчина
әйел	2	2	женщина
<b>2. Ұлты.</b>			<b>2. Национальность.</b>
қазақ	1	1	казах (-шка)
орыс	2	2	русский (-ая)
P1 == > басқа _____	---	---	_____ другие < == P2
<b>3. Туған күні мен жасы.</b>			<b>3. Дата рождения и возраст.</b>
күні	---	---	число
айы	---	---	месяц
жылы	----	----	год
жасы	---	---	возраст
<b>4. Некедегі жағдайы.</b>			<b>4. Состояние в браке.</b>
еш уақытта некеде тұрмаған	1	1	никогда не состоял (а) в браке
некеде тұрады	2	2	состоит в браке
тұл (ер), жесір (әйел)	3	3	вдовец, вдова
ажырасқан	4	4	разведен (а)
<b>5. Білім деңгейі.</b>			<b>5. Уровень образования.</b>
жоғары	1	1	высшее
аяқталмаған жоғары	2	2	незаконченное высшее
арнаулы орта	3	3	специальное среднее
бастауыш кәсіптік	4	4	начальное профессиональное
жалпы орта	5	5	среднее общее
аяқталмаған орта	6	6	неполное среднее
бастауыш және одан төмен	7	7	начальное и ниже
<b>6. Сіз өзіңізді төменде көрсетілген санаттардың қайсысына жатқызасыз?</b>			<b>6. К какой из ниже приведенных категорий Вы можете себя отнести?</b>
жалдамалы қызметкер	1	1	наемный работник
жұмыс беруші	2	2	работодатель

өз бетінше жұмыс істейтін қызметкер (өз есебінен жұмыс істейтін, жеке кәсіпкерлерді қоса)	3	3	самостоятельный работник (работающий за свой счет, включая индивидуальных предпринимателей)
отбасы кәсіпорнының көмекші (ақы төленбейтін) қызметкері	4	4	помогающий (неоплачиваемый) работник семейного предприятия
кооперативтің мүшесі	5	5	член кооператива
жеке аулада жұмыс істеймін	6	6	работаю на личном подворье
еш жерде жұмыс істемеймін, бірақ жұмыс іздеп жүрмін және жұмысқа кірісуге дайынмын	7	7	не работаю нигде, но ищу работу и готов к ней приступить
P1 == > өзге _____	--	--	_____ иное < = = P2
<b>2. Қылмыстар туралы мәлімет</b>			<b>2. Сведения о преступлениях</b>
<b>7. Өткен жылы Сізге қатысты қандай-да бір қылмыс не құқыққа қайшы әрекеттер жасалды ма? (жоқ немесе жауап беруден бас тартамын ⇒19)</b>			<b>7. Было ли совершено какое-либо преступление либо противоправное действие в отношении Вас в прошедшем году ? (нет или отказываюсь отвечать ⇒19)</b>
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет
жауап беруден бас тартамын	3	3	отказываюсь отвечать
<b>8. Сіз қандай да бір қылмыс түрінің не құқыққа қайшы әрекеттің құрбаны болдыңыз ба? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)</b>			<b>8. Жертвой какого вида преступного либо противоправного действия Вы стали ? (возможно несколько вариантов ответа)</b>
ұрлық	1	1	кража
тонау	2	2	грабеж
алаяқтық	3	3	мошеничество
автокөлікті ұрлап айдап кету	4	4	угон автомобиля
дене жарақатын келтіру	5	5	нанесение телесных повреждений
зорлау	6	6	изнасилование
бұзақылық	7	7	хулиганство
жемқорлық	8	8	коррупция
P1 == > өзге _____	--	--	_____ иное < = = P2
<b>9. Сіз осы қылмыс (-тар) бойынша өтінішпен құқық қорғау органдарына жүгіндіңіз бе? (иә ⇒ 11)</b>			<b>9. Обращались ли Вы в правоохранительные органы с заявлением по поводу данного (-ных) преступления (-ий)? (да ⇒ 11)</b>
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет

10. Сіз неге құқық қорғау органдарына жүгінбедіңіз?(жауаптан кейін ⇒19 сұраққа өтіңіз)			10. Почему Вы не обратились в правоохранительные органы? (после ответа переход к вопросу ⇒ 19)
жариялағым келмеді	1	1	не хотел (а) огласки
құқық қорғау органдары жұмысының оң нәтижелі болатынына сенбедім	2	2	не верил (а) в положительный результат работы правоохранительных органов
туыстарым айнытты	3	3	отговорили родственники
құқық қорғау органының қызметкері айнытты	4	4	отговорил сотрудник правоохранительного органа
құқық бұзушының тарапынан қысым салдарынан	5	5	вследствие давления со стороны правонарушителя
құқық қорғау органдары сыбайласқан деп ойлаймын	6	6	считаю, что правоохранительные органы коррумпированы
P1 == > өзге _____	--	--	_____ иное < == P2
11. Сіз нақты қандай құқық қорғау органдарына жүгіндіңіз?			11. В какие именно правоохранительные органы Вы обращались?
Ішкі істер органдары	1	1	Органы внутренних дел
Прокуратура органдары	2	2	Органы прокуратуры
Қаржы полициясы органдары	3	3	Органы финансовой полиции
Кедендік бақылау органдары	4	4	Органы таможенного контроля
P1 == > өзге _____	--	--	_____ иные < == P2
12. Сіздің өтінішіңіз қаралды ма? (жоқ ⇒ 14)			12. Было ли принято Ваше заявление? (нет ⇒14)
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет
13. Сіздің өтінішіңіз құқық қорғау органдарында тіркелді ме? (иә ⇒15)			13. Было ли зарегистрировано Ваше заявление правоохранительными органами? (да ⇒15)
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет
14. Егер Сіздің өтінішіңіз қабылданбаған жағдайда, өтінішіңізді тіркеуден бас тарту себебін көрсетіңіз. (жауаптан кейін ⇒19 сұраққа өтіңіз)			14. В случае, если Ваше заявление не было зарегистрировано, то укажите причину отказа в регистрации Вашего заявления. (после ответа переход к вопросу ⇒ 19)
қылмыстылық құрамның жоктығынан	1	1	отсутствие состава преступления
жоғалғандығынан	2	2	утеряно
P1 == > өзге _____	--	--	_____ иное < == P2
жауап беруге қиналамын	9	9	затрудняюсь ответить
			15. При непосредственном обращении выдавался ли Вам

15. Тікелей жүгінген кезде сіздің өтінішіңіздің тіркелгені туралы Сізге бірегей нөмірі бар талон-хабарлама берілді ме?			талон - уведомление с уникальным номером о регистрации Вашего заявления?
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет
16. Сіздің өтінішіңіз бойынша тергеу нәтижелері туралы Сізге хабарлады ма?			16. Сообщили ли Вам о результатах расследования по Вашему заявлению?
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет
17. Сіздің өтінішіңіз бойынша қылмыс жасауда кінәлі адамдар анықталды ма?			17. Были ли установлены виновные лица в совершении преступления по Вашему заявлению?
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет
18. Сіздің өтінішіңіз бойынша тергеу нәтижелері Сізді қанағаттандырды ма?			18. Были ли Вы удовлетворены результатом расследования по Вашему заявлению?
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет
<b>3. Сенімділік дәрежесі</b>			<b>3. Степень доверия</b>
19. Егер Сіз жасалған қылмыстың куәгері болсаңыз, құқық қорғау органдарына хабарлайсыз ба?			19. Если бы Вы стали свидетелем совершения преступления, сообщили бы Вы об этом правоохранительным органам?
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет
20. Егер Сіз қандай-да бір қылмыстың құрбаны болсаңыз, кімге хабарласар едіңіз? (1-жауап болса ⇒22)			20. В случае, если бы Вы стали жертвой какого либо преступления, к кому бы Вы обратились? (если 1-ответ ⇒22)
құқық қорғау органдарына	1	1	в правоохранительные органы
билік органдарына (әкімдік)	2	2	в органы власти (акимат)
үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарына	3	3	в неправительственные правозащитные организации
журналистерге	4	4	к журналистам
достарым мен таныстарыма	5	5	к друзьям и знакомым
туыстарыма	6	6	к родственникам
ешкімге де хабарласпаймын	7	7	ни к кому бы не обратился
21. Сіз неге құқық қорғау органдарына хабарлаудан бас тартар едіңіз?			21. Почему бы Вы не стали обращаться в правоохранительные органы?
құқық қорғау органдары жұмысының оң нәтижелі болатынына сенбейтіндіктен	1	1	так как не верю в положительный результат работы правоохранительных органов

жарияланғым келмейтіндігінен	2	2	не хотел (а) бы огласки
оларды сыбайлас деп ойлайтындығымнан	3	3	так как считаю, что они коррумпированы
P1 == > өзге _____	--	--	_____ иное < == P2
<b>22. Сіз құқық қорғау органдары Сізді және Сіздің мүдденізді қорғайтынына сенімдісіз бе ?</b>			<b>22. Уверены ли Вы, что правоохранные органы защитят Вас и Ваши интересы?</b>
иә	1	1	да
жоқ	2	2	нет
<b>23. Сіз құқық қорғау органдарының қайсысына көбірек сенесіз? (жауаптың бір ғана нұсқасы болуы мүмкін)</b>			<b>23. Кому из правоохранительных органов Вы больше всего доверяете? (возможен только один вариант ответа)</b>
Ішкі істер органдарына	1	1	Органам внутренних дел
Прокуратура органдарына	2	2	Органам прокуратуры
Қаржы полициясы органдарына	3	3	Органам финансовой полиции
Кедендік бақылау органдарына	4	4	Органам таможенного контроля
P1 == > өзге _____	--	--	_____ иное < == P2
<b>24. Құқық қорғау органдарына сенім дәрежесі .</b>			<b>24. Степень доверия к правоохранительным органам.</b>
<b>а) ішкі істер органдарына</b>			<b>а) органам внутренних дел</b>
сенімнің төменгі дәрежесі	1	1	низкая степень доверия
сенімнің орташа дәрежесі	2	2	средняя степень доверия
сенімнің жоғары дәрежесі	3	3	высокая степень доверия
бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін	4	4	никогда не сталкивался с данной структурой
жауап беруге қиналамын	9	9	затрудняюсь ответить
<b>б) прокуратура органдарына</b>			<b>б) органам прокуратуры</b>
сенімнің төменгі дәрежесі	1	1	низкая степень доверия
сенімнің орташа дәрежесі	2	2	средняя степень доверия
сенімнің жоғары дәрежесі	3	3	высокая степень доверия
бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін	4	4	никогда не сталкивался с данной структурой
жауап беруге қиналамын	9	9	затрудняюсь ответить
<b>в) қаржы полициясы органдарына</b>			<b>в) органам финансовой полиции</b>
сенімнің төменгі дәрежесі	1	1	низкая степень доверия
сенімнің орташа дәрежесі	2	2	средняя степень доверия
сенімнің жоғары дәрежесі	3	3	высокая степень доверия
бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін	4	4	никогда не сталкивался с данной структурой
жауап беруге қиналамын	9	9	затрудняюсь ответить
<b>г) кедендік бақылау органдарына</b>			<b>г) органам таможенного контроля</b>
сенімнің төменгі дәрежесі	1	1	низкая степень доверия



сенімнің орташа дәрежесі	2	2	средняя степень доверия
сенімнің жоғары дәрежесі	3	3	высокая степень доверия
бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін	4	4	никогда не сталкивался с данной структурой
жауап беруге қиналамын	9	9	затрудняюсь ответить
<b>25. Сіздің пікіріңіз бойынша ағымдағы жылғы қылмыстылық деңгейі.</b>			<b>25. По Вашему мнению, уровень преступности за текущий год.</b>
ұлғайды	1	1	возрос
төмендеді	2	2	снизился
сол деңгейде қалды	3	3	остался на том же уровне
<b>26. Сіздің ойыңызша құқық қорғау органдары , Сіздің қауіпсіздігіңіздің қорғалуын жақсарту үшін қандай шаралар қолдану керек? (бұл сұрақта респондент 3 жауап нұсқасына дейін таңдауына болады)</b>			<b>26. Какие меры нужно предпринять правоохранительным органам, для улучшения защиты Вашей безопасности? (в этом вопросе респондент может выбрать не более 3-х вариантов ответов)</b>
Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын өзгерту	1	1	изменить действующее законодательство Республики Казахстан
құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру	2	2	повысить уровень квалификации сотрудников правоохранительных органов
құқық қорғау органдарының қызметін бақылауды арттыру	3	3	повысить контроль за деятельностью правоохранительных органов
құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбекақысын жоғарылату	4	4	повысить заработную плату сотрудникам правоохранительных органов
құқық қорғау органдары қызметінің ашықтық дәрежесін арттыру	5	5	повысить степень прозрачности деятельности правоохранительных органов
халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша іс-шаралар өткізу	6	6	проведение мероприятий по повышению правовой грамотности среди населения
P1 == > өзге _____	--	--	_____ иное < == P2
жауап беруге қиналамын	9	9	затрудняюсь ответить
<b>27. Сіз тұратын өңірдегі (облыстағы, қаладағы , аудандағы) криминогендік ахуалды қалай бағалайсыз?</b>			<b>27. Как Вы оцениваете криминогенную ситуацию в регионе (области, городе, районе) в котором Вы проживаете?</b>
қанағаттанарлық	1	1	удовлетворительно
қанағаттанарлықсыз	2	2	неудовлетворительно
жауап беруге қиналамын	9	9	затрудняюсь ответить

**Қатысқандарыңыз үшін рахмет!**

**Спасибо за участие!**

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Статистика

агенттігі

төрағасының

**«Халықты қылмыстылық деңгейі және оның нәтижелерінің тіркелуі бойынша әлеуметтік-статистикалық зерттеу туралы сауалнама» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 1962105 индексі ҚД-01, кезеңділігі біржолғы)**

1. Осы «Халықты қылмыстылық деңгейі және оның нәтижелерінің тіркелуі бойынша әлеуметтік-статистикалық зерттеу туралы сауалнама» (коды 1962105, индексі ҚД-01, кезеңділігі біржолғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысанды толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Халықты қылмыстылық деңгейі және оның нәтижелерінің тіркелуі бойынша әлеуметтік-статистикалық зерттеу туралы сауалнама» (коды 1962105, индексі ҚД-01, кезеңділігі біржолғы), жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Бұл статистикалық нысанды толтыру мақсатында мынадай анықтамалар қолданылады:

- 1) интервьюер – пікіртерім жүргізуге уәкілетті тұлға;
- 2) қылмыс - Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік);
- 3) ұрлық - бөтен мүлікті жасырын ұрлау;
- 4) тонау – бөтеннің мүлкін ашық ұрлау;
- 5) алаяқтық - бөтен мүлікті ұрлау немесе бөтен мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу;
- 6) дене жарақатын келтіру – денсаулықтың ұзақ уақыт бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін айтарлықтай тұрақты жоғалтуға әкеп соққан денсаулыққа қандай да бір қасақана зиян келтіру;
- 7) зорлау – жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жынныстық қатынас жасау;
- 8) бұзақылық - қоғамды анық құрметтемеуін білдіретін азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық;

9) жемқорлық – мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады;

10) жалдамалы (ақы төленетін) қызметкер - айлықақы, сыйлықақы, үстемеақы және тағы сол сияқты немесе заттай нысанда ақы төлеу (сыйақы) қарастырылған жалдану шарты бойынша жұмыс істейтін тұлға;

11) жұмыс беруші - өзінің жеке экономикалық кәсіпорнын басқаратын немесе экономикалық қызметтің әйтеуір бір түрінде тәуелсіз кәсіпкерлікпен шұғылданатын және бір немесе бірнеше жалдамалы қызметкерлері бар тұлға;

12) өз бетінше жұмыс істейтін жұмысшы (өз есебінен жұмыс істейтін, жеке кәсіпкерлерді қоса) - өз бетінше немесе бір я бірнеше серіктеспен жұмыс істейтін, өз бетінше жұмыспен қамтылу негізінде қызмет істейтін және қызметкерлерді тұрақты негізде жалдамайтын тұлға;

13) отбасының көмек беруші (ақы төленбейтін) қызметкері - туысы басқаратын кәсіпорында (шаруашылықта) әдетте сыйақысыз жұмыс істейтін тұлға;

14) кооператив мүшесі - кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, еңбек кооперативінің мүшесі болып табылатын тұлға;

15) жеке ауладағы жұмыс – жеке, немесе отбасы мүшелерінің біріне тиесілі ауладағы жұмыс (қосалқы шаруашылықта). Сонымен бірге, жеке шаруашылықтан алынған өнімнің қалай қолданылатыны, тек өз тұтынуы немесе сату үшін маңызды емес;

16) жұмыссыз - халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы, қаралған кезеңде: а) жұмыссыз болған (табысты жұмысы болмаған); ә) оны іздеумен белсенді айналысқан; б) уақыттың белгілі бір кезеңі ішінде жұмысқа кірісуге дайын болған деген үш негізгі критерийге бір мезгілде жауап берген тұлға;

17) құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының прокуратура, ішкі істер, қаржы полициясы, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, кеден органдары жатады.

3. Статистикалық нысанды интервьюер әр жеке алынған үй шаруашылығына толтырады, 15 және одан жоғары жастағы отбасы мүшелерінің екі ересек

адамына толтырылады (жынысы бойынша бөліп көрсетумен: ер және әйел). Егер үй шаруашылығында тек әйелдер болып, ерлер болмаған жағдайда, немесе тек ерлер болып, әйелдер болмағанда, интервьюер статистикалық нысанды тек екі әйелге немесе тек екі ер адамға толтырады (жағдайға байланысты). Егер де үй шаруашылығында осы жас категориясына жататын тек бір адам болса, онда интервьюер статистикалық нысанды үй шаруашылығының бір мүшесіне т о л т ы р а д ы .

Үй шаруашылығында Сауалнаманың талаптарына сәйкес келетін екеуден көп респонденттер өмір сүретін жағдайда, пікіртерім үшін респонденттерді таңдап алу кездейсоқ тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Интервьюер сұрақтарды және респондентке арналған жауаптардың нұсқаларын оқиды. Респондент жауапты таңдағаннан кейін интервьюер тиісті нұсқаға белгі қояды. Респонденттің жауабы нұсқасының коды дөңгелектеліп қ о р ш а л а д ы .

Барлық жауаптар сұралып отырған тұлғаның сөзімен жазылады, растайтын құжаттарын көрсету талап етілмейді. Қойылған сұрақтарға жауаптар респонденттердің өздерінен тікелей алынуы, сондай-ақ бірге тұратын отбасының ересек мүшелерінен, егер бірге тұратын мүшелері статистикалық нысанын барлық сұрақтарына толық жауап бере алған жағдайда алынуы мүмкін.

Пікіртерім жүргізген кезде жауап нұсқасының сол немесе өзге де таңдалған нұсқасына көңіл аударуды қажет ететін сұрақ нөмірі берілген «Көрсетілген сұраққа көшу ⇒» бағанындағы сілтемеге назар аудару қажет.

5. Бірінші бөлімде респонденттер туралы мәліметтерді толығымен толтыру қажет: жынысы, ұлты, туған күні, неке жағдайы, білімі, жұмысы және жұмыспен қамтылу жағдайы. Екінші бөлім қылмыстардың жасалуы, оның түрлері мен тіркелуі туралы сұрақтардан тұрады, үшінші бөлім - құқық қорғау органдарына деген сенім дәрежесі туралы сұрақтардан тұрады.